

РАБҒУЗИДІҢ ДІНИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «ТОПЫРАҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МИСТИКАЛЫҚ- МИФОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПТ РЕТІНДЕ НЕГІЗДЕЛУІ

¹Ә.Ж. Нәби, ²С.У. Абжалов, ¹С.М.Туленова, ¹Б.М. Аташ

АҢДАТПА

Бұл мақалада Бурханаддин Рабғузидің «Қисса-сүл әнбия» еңбегіндегі «топырақ» ұғым-түсінігі концепт ретінде қарастырылды. Осыған орай, әлемдік мистерия мен натурфилософиядағы бастапқы субстанциялар, оның ішінде, Жер (топырақ) субстанциясына шолулар жасалды. Рабғузидің адамның трансцендентті әлеммен байланысы, табиғатпен қарым-қатынасы және пендеауи экзистенциалды жағдайы туралы түсініктері талданды. Діни наным-сеніміне қарамастан бүкіл әлем мәдениеттеріне ортақ «Адамның саз балшықтан жасалуы» дүниетанымы Адам ата-Хауа ана жұбынан тамыр ала отырып әлемдік мистикалық бастаулардың негізін құрайды. Діни схоластикалық-метафизикалық тұрғыдан келгенде, адамның жан мен тән, ақылдан тұратын біртұтас бірліктегі тәннің жер материясынан жаратылғаны есепті адамның оған деген құрметін және жер беті топырағын әсіресе, түркі-мұсылмандық, оның ішінде қазақ халқында да экзистенциалдық мағынасы бар екендігі топырақ концептісімен салыстыра көрсетілді. Сонымен бірге жер-топырақ ұғымы ұлттық танымда белгілі бір байырғы мистикалық құндылықтар ретінде көрініс табады. Рабғузи шығармашылығындағы түсініктер көшпенділер салт-дәстүрлерінің кодына үңілуді қажет ететіндіктен, ол қазіргі заманғы нарративті діни пайымдаулармен, топырақ концептісін түсіндірушілердің пікірлерімен салыстырылды. Мақалада топыраққа қатысты түсініктердің түркі-қазақ халқының байырғы дүниетанымының діни-мистикалық қырларын ашуға ықпалдасатындығы көрсетілді. Осыған орай, нәтижесінде, топырақ концептісі мен адамның топырақтан жаратылуы туралы мистикалық пайымдауларды тек бір жақты емес, әржақты қырынан қарастырудың негізге бағдарлары мен зерттеу перспективасын көрсеттік.

Түйін сөздер: мифология, мистика, топырақ, балшық, Рабғузи, таным, ұлттық бірегейлік, әлем.

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Абжалов С.У.,

sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

Мақаланың сілтемесі:

Нәби Ә.Ж.,

Абжалов С.У.,

Туленова С.М.,

Аташ Б.М. Рабғузидің

діни философиясындағы

«топырақ» ұғымының

мистикалық-мифологиялық

концепт ретінде негізделуі

// Адам әлемі. – 2025.

– №1 (103). – Б. 125-138.

Основание понятия «земля» в религиозной философии Рабгузи как мистико-мифологической концепции

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению концепта «земли» в труде Бурханаддина Рабгузи «Кисса-сул анбия». В данном исследовании проведен обзор фундаментальных субстанций, рассматриваемых в мировых мистических традициях и натурфилософии, включая субстанцию Земли (почвы). Проведен анализ представлений Рабгузи о связи человека с трансцендентным миром, его экзистенциальных состояниях и отношениях с природной реальностью. Важно отметить, универсальность концепции «создания человека из глины», которая, будучи независимой от религиозных убеждений, восходит к библейской

паре Адама и Евы и представляет общее начало, формируя основу мировых мистических учений. В религиозно-схоластической и метафизической перспективе, тело человека, состоящее из души и разума, создано из земной материи, что объясняет уважение человека к ней и подчеркивает экзистенциальное значение земли. Данный аспект особенно выражен в тюркско-мусульманской, в частности, казахской культуре, где концепт почвы-земли представлен в сравнительном анализе с аналогичными мировоззренческими моделями. Кроме того, понятие «земли-почвы» в национальном сознании проявляется в форме определенных архаических мистических ценностей. Учитывая, что идеи, представленные в творчестве Рабгузи требуют изучения традиций кочевников, они были сопоставлены с современными нарративными религиозными суждениями и мнениями ученых о концепте почвы-земли. В исследовании показано, что представления о почве-земли способствуют более глубокому раскрытию религиозно-мистических аспектов древнего мировоззрения тюркско-казахского народа. Таким образом, в статье обозначены основные направления и перспективы исследования концепции земли и мистических представлений о сотворении человека из почвы в междисциплинарном и сравнительном аспектах.

Ключевые слова: мифология, мистицизм, почва, земля, глина, Рабгузи, познание, национальная идентичность, мир.

The Concept of 'Soil' in Rabghuzi's Religious Philosophy as a Mystical-Mythological One

Abstract. This article examines the concept of «earth» in Burhān al-Dīn Rabghuzi's work known as «Qisas al-anbiya». In this study, the fundamental substances considered in the world mystical traditions and naturphilosophy, including the substance of the Earth (soil), are reviewed. Rabghuzi's ideas about man's connection with the transcendental world, his existential states and relations with natural reality were analysed. It is important to note the universality of the concept of 'creation of man from clay', which, being independent of religious beliefs, goes back to the biblical pair of Adam and Eve and represents a common beginning, forming the basis of world mystical teachings. In the religious-scholastic and metaphysical perspective, the human body, consisting of soul and mind, is created from earth matter, which explains man's respect for it and emphasises the existential significance of the earth. This aspect is particularly pronounced in Turkic-Muslim, particularly Kazakh culture, where the concept of soil is presented in a comparative analysis with similar worldview models. In addition, the concept of 'earth-soil' in the national consciousness manifests itself in the form of certain archaic mystical values. Given that the ideas presented in Rabghuzi's work require the study of nomadic traditions, they were compared with modern narrative religious judgements and scholars' opinions about the concept of soil. The study shows that representations of the soil contribute to a deeper disclosure of religious and mystical aspects of the ancient worldview of the Turkic-Kazakh people. Thus, the article outlines the main directions and prospects for the study of the concept of soil and mystical ideas about the creation of man from soil in interdisciplinary and comparative aspects.

Key words: Mythology, Mysticism, Soil, Clay, Rabghuzi, Cognition, National Identity, World.

Кіріспе

Қазақ халқының көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихы мен рухани эволюциясының дамуының бір кезеңі болып саналатын – «Алтын орда» дәуірі бүгінгі таңдағы отандық «Ұлттық философияны» зерделеушілер дискурсында маңызды буын ретінде жиі айтыла бермейді. Ауызша және жазбаша түрде жазылған «Алтын орда» дәуіріндегі рухани мұралар түрік-ислам мәдениеті негізіндегі дүниетаным ретінде қалыптасқан, XIII-XV ғасырларды қамтитын бұл кезеңдегі мұралар тарихи оқиғаларды, көркемдік-әдеби мазмұнды, этиканы қамтыған: Құтыбтың

«Хұсрау уа Шырын», Сайф Сарайдың «Гүлістен бит-түрки», Хорезмидің «Мұхаббатнама» шығармалары т.б. Солардың бірі – Рабғузидің «Қисса-сұл әнбия» туындысындағы оқиғалар мен баяндауларда исламдық теология негізіндегі ұғымдар мен түсініктер жиі кездеседі, автордың өмір сүрген дәуірі мен өмір сүрген ортасына орай, оның дүниетанымы діни-мистикалық, мұсылмандық-апологетикалық сипат алады. Сондықтан да біз, оның еңбектерінде қарастырылатын мәселелерге байланысты қозғалып отырған дискурс алаңын «Рабғузидің діни философиясы» деп атауды жөн көрдік.

Материалдар мен әдістер

Ортағасыр түрік ойшылы, қиссашы Рабғузидің «Қисса-сүл әнбия» негізінде сақталған мұрасындағы Құдайдың топырақ-сазбалшықтан адам тәнін жаратуы оқиғасы – бұл идея ретінде аксиологиялық мағыналарға толы және дәстүрлі дала қоғамының, атап айтқанда қазақтардың исламдық менталитеті мен дүниетанымының ерекшеліктерін көрсететін философиялық тұжырымдама ретінде қарастыруымызға да болады.

Ғасырлар бойы бұл киелі образдың этностың мәдениеті мен болмысында маңызды орынға ие болып, тілдік көріністеріне, діни сенімдері мен әлеуметтік-мәдени тәжірибелеріне терең әсер еткенін ескерсек, бұл бағытты тереңірек зерделуді мақсат етеміз.

Сонымен бірге бұл тақырып оның түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау және зерттеу контексіндегі өзектілігіне ғана емес, осы түсініктің философиялық аспектілерін діни философиялық тұрғыдан жан-жақты талдаудың болмауына байланысты маңызды туындаған. Мұны зерттеу дәстүрлі қоғамдардың дүниетанымдық негіздері және олардың мәдени парадигмаларының қалыптасуы туралы түсінігімізді кеңейту үшін өзекті болып отыр.

Мақсат-міндеттер – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясында сонау 2005 жылы алға қойылған «Түрік даналарының шығармаларын антологиялық принциппен іріктеу» [1, 528 б.] мұратының аясында Рабғузи қиссаларындағы «жер-топырақтық» пайым-ұғымдардың философиялық аспектілерін талдау, оның аксиологиялық мазмұнына және қазақ халқының байырғы дүниетанымына исламдық менталитеттің әсеріне назар аудару.

Мақала гипотезасы Рабғузи шығармашылығындағы адамды – Адам атаны саз-топырақтан жасап жарату идеясының креационистік діни философиялық тамыры бар және бұл түсініктер қазақ халқының дүниетанымы мен мәдени тәжірибесіне айтарлықтай әсер еткен деп болжайды. Біз осы тұста, ортағасырдағы діни философиядағы «Топырақ» түсінігін концепт ретінде қарастыруды жөн санадық.

Мақалада тақырыптық әдеби дереккөздерді таразылау барысында Рабғузидің «Қисса-сүл әнбия» қиссаларына мәтінтанулық-философиялық талдауды да қамтитын кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды: герменевтикалық, феноменологиялық, психоаналитикалық, демифологизациялық, постмодернистік-постпозитивистік талдаулар мен редукционизм.

Зерттеу материалы «Рабғузи» шығармасының қазақ ішіндегі мәтіндерін әдеби шолуға, философиялық еңбек-терге және діни креационистік ұстанымдағы – «саздан адам жасау» мәселесіне қатысты әлеуметтік-мәдени зерттеулер мен ғылыми-көпшілік мақалаларға негізделген танымдық-ана-литикалық материалдарды қамтиды. Дереккөздерді талдау әдісі «топырақ» түсінігіндегі бұрынғы зерттеулерді жүйелеуге, негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге және қолданыстағы зерттеушілік олқылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің ғылыми әдіснамасы Ф.А. Кузин ұсынған эмпирикалық және теориялық деңгейлердегі абстракция, талдау және синтездеу жолдарына сәй-кес кезеңдерге сүйенеді [2, 25 б.].

Әдебиеттерге шолу жағы адамның жаратылуы туралы мифологиялық идеяларға, әсіресе түркілік дүниетанымдағы исламдық контексте бағытталған іргелі және соңғы жұмыстарды қамтиды.

Зерттеу Б. Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» кітабы, шығыстанушы Т. Қыдыр құрастырған «Әдеби жәдігерлер» сериясының 8-томы, көне түрік әдебиеті туралы зерттеулер қамтылған А. Қыраубаева ізденістеріне басымдық берілген «Классикалық зерттеулер» ғылыми жинағы сияқты бірқатар автордың жұмыстары пайдаланылды. Мұның қатарында АҚШ-тық John Templeton Foundation ілгерілеткен, Г. Гутнер редакциясымен жарық көрген «Ответственность религии и науки в современном мире» (Қазіргі әлемдегі дін мен ғылымның жауапкершілігі) жинағының да маңызы зор болды.

Діни неофеноменологиялық тұрғыдан алғанда, дінге тек сол дәуірдегі емес, қазіргі сенушілердің санасындағы

діни құрылымдар мен олардың ойлау машығының да маңызды екені, заманауи діни философиялық идеяларды да философиялық тұрғыдан талдау қажетті туындайды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Философия – көзқарастың тарихи түрі, адамзат мәдениетінде басқа көзқарас түрлерімен бірге дамиды. Еуропалық рационализм мен логоцентризм ғылыми емес білімдерді адамзат руханиятында екінші жоспарға шығарғандай көзқарас қалыптастырғаны П. Фейерабендтің идеяларында, постмодернистік логоцентризм идеясында сынға алынған еді. Мәселен, П. Фейерабендтің ғылыми емес білімдер де белгілі бір құндылық ретінде бағалануға тиіс екені, ал рационализм оларға үстемдік жүргізіп отырғандығы туралы позициясы [3, 339 б.]. Ал гер-меневтикадағы экзегетикадағы демифологизацияда мифтердің рәміздермен берілгендігі, оны ашып көрсетіп, экспликациялау керектігін ұсынады. Бұл қазіргі кездегі отандық ғалымдарамыздың да дүниетанымдарынан орын алады. Мәсе-лен, философ Серік Мырзалы: «Ғылым тарихы мен философиясы» оқулығындағы философияға берілген анықтамада дін, аңыз, өнер және ғылыммен шендестіре қараған. «Философиядағы құндылықтар адамды жағалай қоршап шектелген, толымсыз болмыстан тиістілік әлеміне ұмтылдырады. Адамның рухани өмірі сан-алуан ойлар мен болжамдарға, күнгірт және әсем сезімдерге, жоспарлар мен үміттерге т.с.с. толы. Адам өзін қоршаған нақтылы болмыстың шеңберінен әрқашанда шығып кетіп, әлі өмірде жоқ, бірақ тиісті болуы керек Дүниеге жетуге тырысады. Сонымен құндылық әлемі оның өмірінің мақсат-мұраты мен мән-мазмұнына айналады. Бұл күрделі мәселелерді философияның аксиологиялық жағы деуге болар еді. Философиялық Дүниеге көзқарастың мәнін ашу жолында біз оның көп қырлы, көпсырлылығын байқадық. Бір жағынан алып қарағанда, философия ғылымменен ұштасып жатса, екінші жағынан оның көркем өнермен, идеологиямен, гуманитарлық біліммен, күнбе-күнгі сана

мен моральдық рухани құндылықтармен, тіпті мистикалық діни сезімдермен байланысты екенін байқадық [4, 8 б.].

Тиісінше, «Қисас-ул әнбия» кітабының және ондағы жер-топырақтық тұжырымдардың мифологиялық-мистикалық қырларын сақтай отыра, өмірмәнділік, метафизикалық, көптүрлі таным аясындағы діни эпистемологиялық, демифологизациялық тұрғыдан философиялық астарларын ашу үшін ең алдымен тақырыптың басты қазығы – нысандық шығармашыл тұлға биографиясы мен шығармашылық мотив-себептерін қысқаша шолу жасап өтпекпіз.

Рабғузи және оның «Қисас-ул әнбия» атты еңбегіне шолу

Рабғузи Насреддин Бурханаддиннің туған-өлген жылдарының даталары туралы нақты тарихи деректер жоқ, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген деп болжамданады.

Рабғузи есімі әл-Фараби, Хорезми, Яссауи сияқты туған жеріне байланысты алған бүркеншік аты екендігі анық. Одан қалса түрік перзенті – оғыз тайпасынан тарайтынын да атау қосымшасы айғақтап тұр [5, 176 б.].

Міне, осы тұлғаны көп шығармаларының ішінде әйгілі еткен нәрсе – Орда өкілдерінің бірі Тоқбұға (Тоқтыбұға) бекке арнап жазған кітабы болды. Автордың өзі кітап кіріспесінде «Қисас-ул әнбия» немесе «Қисас-и Рабғузи» атты бұл кітапты 710 хижрада жаздым. Оны Насреддин Тоқбұға бектің құрметіне арнап жаздым» [6, 5 б.] - дейді.

Зерттеушілер шығыс халықтарының әдебиетінде Ислам дінін қабылдаған территориялардағы пайғамбарлар, әулиелер өмірбаянына қатысты жырлардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін үш дәуірге – VIII-IX, X-XII, XIII-XV ғасырларға бөліп көрсетеді [7, 30-31 бб.]. Ғалым Л.И. Саттиев атап өткен-дей, мұндағы соңғы кезең мұсылман әлемінің моңғол басқыншылығын басынан өткізіп, салдарынан арылған кезеңіне жатады. Жаугершіліктен құтылып, әдеби, мәдени өмірге бет бұрған кезде өткен ғасырларда ғұмыр кешкен пайғамбарлар-шайқылар,

әулиелердің өнегелі өмірін баяндайтын шығармаларға қажеттілік туындап, бұл тақырыптағы дүниелер көбейе түсті. Ал бұл Қайта өрлеу Ұлы дала кеңістігі үшін Шыңғыс ұрпақтарының қыпшақтанып-мұсылманданған билік туының астында өтті. Алтын Орда тұсында дүниеге келген осындай елеулі шығармалардың бірі осы Рабғузидің «Қисас ул-әнбиясы» өз заманы үшін резонансты шығарма болды деп батыл айта аламыз [8, 7 б.].

Бүгінде зайырлы көпшілік арасында осы еңбекке қатысты әрқилы пікірлер қалыптасқан: бірі – жай ғана ортағасырлық схоластикалық туынды ретінде қарастырса, кейбірі – орта исламдық-түркілік мәдениеттің құнды мұрасы, оның қазіргі заман үшін де ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда өзіндік бір маңызы бар деп баға берсе, кейбір көзқарастар – оны өмір шындығы, тарихи оқиғаларды тура бейнелеген, мүлтіксіз өмірмәнділік ақиқаттар ретінде бағамдайды. Мәселен, Б. Сағындықұлы былай дейді: «Пайғамбарлар туралы әңгімелер ойдан шығарылған ертегі емес, пайғамбарлардың қай-қайсысы да өмірге келген, адамзат баласының тарихына, бүкіл өркениетіне елеулі үлес қосқан абзал адамдар. Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмір тарихы, дін-шарифаты баяндалатын кітап «Қисас-ул анбийа» деп аталады. «Пайғамбарлар туралы қысқа әңгімелер» деген мағына береді» [9, 8 б.]. Яғни, мифологиялы мен әфсаналардың астарында ақиқат пен тарихи айғақтардың өзіндік бір белгілері мен трансформациялары бар деп пайымдайды.

Сондай-ақ ол бұл бағытқа Рабғузидің неліктен бет бұрғанын да ашып өтеді. Оның жеткізуінше, ортағасырларда «Қисас-ул анбийаның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқасы пайда болады. Әртүрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызады. Осы себепті де Рабғузи ол кітаптың араб, парсы және басқа да тілдердегі түпнұсқаларын реттеп, бір жүйеге түсіреді. Оны байырғы түрік тіліне асқан шығармашылықпен аударып шығады. Өкінішке қарай оның түпнұсқасы бүгінгі күнге жетпеген. Ең көне көшірмелері Ұлыбритания мен Ресейде сақтаулы тұр [8, 7 б.].

Кеңестік кезеңде Рабғузидің қис-

саларымен қазақ оқырмандарын алғашқылардың бірі болып таныстырған ғалым Н. Сағындықов аудармасы болды [1, 449 б.].

Топырақ концептісінің діни эпистемологиялық бағдарлары

Рабғузидің «Қисас-ул әнбия» еңбегінің мазмұнына текстологиялық талдаулар жасау арқылы, ондағы негізгі діни концептілерді ажыратып алып, жеке қарастыру әдісін қолданған А. Қалназаров, бұл әфсаналардағы «топырақтың субстанционалдануына» айрықша назар аударады да, оны «топырақ танымы» деп ой түйіндейді. Ол Рабғузидің діни креационистік бағдары бойынша, «топырақты субстанционалдандыратын» бағдарға ерекше үңіледі: «Топырақ танымы» яки адамның топырақтан жаратылуы түсінігі қазақтағы нешеме наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, көптеген рәсім-дәстүрлердің пайда болуына әсер еткен. Қала берді, солардың денінің діни уәждемесінің осы топырақ тақырыбына барып тірелетіні көзге анық көрінеді. Топырақтың өзінің жаралу оқиғасы да қызық-дүр. Мұның өзін дінтанулық жеке бір зерттеу нысаны етіп алуға болар еді» деп атап өтіп, «Қарап отырсақ, түрік-исламдық сенімдердің бірі бойынша оны Жаратқан ие жердегі тіршілік басталар дәуірде Тауыс бейнелі мүбәрак нұры тамшысынан жаратып, судың үстіне тастаған деп толғанады. Су мен топырақтың салмағынан қара жер шайқатылып, тепе-теңдігі бұзылып, өз кіндігін дұрыс айнала алмай қалғанда асқар тауларды жерге қазық етіп қағып, шатқаяқ жағдайды түзепті. Содан бері жер шары өз өсін мінсіз айналып тұр екен» [10] - дейді.

Редукциялық шегініс жасасақ, Көне Қытайлық, Гректік Милет мектебі, кейіннен, Аристотель, Платон, стоиктер т.б. философиясында материал бастаушы, алғашқы зат түріндегі субстанциялар туралы дүниетаным өз дәуірінде бойы елеулі руханияттық таным ретінде қалыптасқандығы белгілі. От (Герклит), Су (Фалес), Ауа (Анаксимен) субстанцияларына Эмпедокл политеизмдегі Аид, Зевс, Нестис, Гера құдайларына сәйкес келетін: от, ауа, су, жер субстанцияларын археба-

стаулар ретінде біріктірген. Ал Аристотельде бұл субстанциялар бірден емес, табиғаттағы құбылыстардың комбинациясы арқылы пайда болаған: жылу + құрғақ = От; жылу мен ылғал = Ауа; сылқындық пен ылған қосындысы = Су; сылқын мен құрғақ қосындысынан = Жер. Әлемнің орталығында тұрған Жер әлемінде осы элементтердің көбеюі мен ауырлығына байланысты олар құрылымдарды түзеді, ал олардан жоғары аспан әлемі бар [11, 1017 б.]

Ал Парацельстің оккультизм әлхимиясында әрбір элементтің өзіндік бір рухтары бар деп түсінілген: су рухы – сұлу әйел кейіпті жан иесі, от рухы – саламандра кесірткесі, ауа рухы – көне Герман мифологиясындағы Сильфтер (әйел адамдар); жер рухы – Герман-скандинавиялық мифологиядағы ер-гежейлілер. (Бұл бейнелер қазіргі фэнтезиде, таро карталарында ғана қолданылады). Ал индуизмде Таттвалар деп аталатын адамның чакраларымен байланысты: Муладхара-чакра — Жердің метазэлементі, адам оны өзінің түйсігі арқылы сезінетін қоршаған ортадағы қатты агрегаттар; Свадхистана-чакра — Судың метазэлементі чұйық заттарға негізделген; Манипура-чакра Оттың Метаэлементі плазма түріндегі заттар; Анахата-чакра Ауаның метазэлементі, барлық газ түріндегі нәрселер; Вишудха-чакра – Эфирдің метазэлементі, толқындық-дыбыстық агрегат, эфир уақыт пен кеңістіктен тыс мистикалық кеңістік. Арбатардың алхимигі Джабир ибн Хайян (806-816 жылдары қайтыс болған) оның теориясында 4 элементпен қатар сынап-күкірт трансмутациясы да болады: күкірт (жер мен оттан тұрады) – жану қағидасы, сынап (от пен ауадан тұрады) – металл қағидасы бойынша жүреді. [12, 16-18 бб.]

Ал көне Қытайлық «У-Син» ілімінде бес субстанция әрқилы (бес элемент, бес қалып, бес әрекет, бес қозғалыс, бес жағдай т.б.) және олар өзара комбинациялар арқылы тұтастықты құрайды, ал бес элемент: ағаш, от, жер, металл, су болып құрылымданған. Жер элементі де әлем құбылыстарымен заттарымен байланысты болып келеді: сары (түс), орталық (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс бойынша), мезгіл аралық (қыс, жаз, күз, көктем бойынша),

күн уақыт бойынша – кешке, планеталар бойынша – Сатурн, көңіл күй бойынша – ән айту, дене мүшелері бойынша – көкбауыр, асқазан, ауыз; мінез бойынша – ойға шому, саусақ түрлері бойынша – сұқ саусақ, сезім мүшелері бойынша – дәм, дәм бойынша – тәтті, иіс бойынша ароматты тәтті, адам келбеті бойынша – ерін, аңдар бойынша – сары мүйізтұмсық, күй бойынша – ылғал, өзгеріс т.б. [13, 125-127 бб.]

Біздіңше, топырақ пен Жер эквивалентті болмаса да, сайып келгенде, импликациялы қатынастар арқылы тұтасуы мүмкін деп болжамдаймыз. Бірақ біз бұл мақалада мифологияны сциентизациялады (қазіргі заманауи ілімдер тұрғысынан ғылымиландыруды) мақсат етпейміз. Дегенмен топырақтан жаратылуды реалдандырып түсінетін көзқарастардың кейбір бағдарлары мен нұсқаларына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Көне Гректік, Қытайлық философиядағы осындай мифологиялық көріністер мен әлхимиялық дәстүрлер арасында сабақтасқан байланыстар, яғни, бір-бірінен ресми түрде тасымалдағандығы туралы нақты мәліметтер жоқ. Дегенмен жалпы ортақ мистикалық-мифтік синкреттілік түсінік бойынша олар бір-біріне қатысты болуы ды ықтимал (Әрине, олардың өзара байланысы, өз алдына жеке зерттеулерді керек етеді). Әйтсе де 4-5 субстанция, оның ішінде топырақ жай ғана бастаушы емес, ол белсенді, құбылуы арқылы әрқилы және әлемнің басқа да үдерістермен байланысты болып келеді. Мұндай үдерістер тура қабысып жатпаса да, Рабғұзи жинақтаған мифологиялық түсініктерде де кездеседі.

Осы орайда оның атаулы екі топырақ тақырыбына арналған мақалаларының Рабғұзидің «Қисас-ул анбийа» кітабынан Б. Сағындықұлының байырғы түрік тілінен қазақшаға аударған «Адам ата мен Хауа ана» қисасына негізделгенін айта кету керек. А. Қалназаров ол қос мақалада келесідей түркі-қазақ мұсылмандық дүниетанымы талап ететін сауалдарға жауап іздейді: «Тәңірінің топырақты таңдауы немесе әруақтарға құран бағыштаудың мәні не?»; «Нәсілдер сыры, Әзірейілдің жаналғыш болуы немесе өлікті жуу неге міндетті болды?»; «Адамды жерге көму

салты қалай басталған?»; «Ғаламды айнытпай бейнелейтін айна, мидың түсі немесе адамның бет-бейнесі неге әралуан?»; «Ібілістің өзін артық санауының себебі немесе сұқ саусақты адамға қарата неге шошайтуға болмайды?»; «Адам ата қай топырақтан жаратылды?»; «Өз кезегінде бұларға жауап табылды ма?».

Профессор А. Қыраубаева «Аударма – нәзира әдебиет» («Қисас-ул Рабғұзи» («Рабғұзи қиссалары»)) зерттеуінде топырақ мәселесін діни түсініктерден туған әңгімелер қатарында атап Рабғұзидің діни мистикалық-мифологиялық конструкцияларынан бірнеше үзінді келтіргенін де назарға алған жөн. Ол бойынша Құдай Жәбірейілді үш түрлі топырақ алып кел деп жұмсайды. Жер: «Менен топырақ алма» дейді. Жәбірейіл жердің көңілін қимай, қайтып келеді. Құдай Ысрафилді жібереді. Ол да алмай қайтып келеді. Ең соңында Әзірейілді жібереді. Жер Әзірейілге де жалынады. Әзірейіл: «Сенің сөзіңнен Алланың хүкімі күшті» дейді де, жерден үш түрлі топырақ алады. Құдай Әзірейілге: «Сенің көңілің бәрінен қатты екен. Бұдан былай адамның жанын алатын сен боласың!» дейді. Содан адамның жанын Әзірейіл алатын болады. Топырақтың түсі әртүрлі болған соң, дүниедегі адамдардың түрі де әртүрлі болады. Адамның басқадан емес, топырақтан жаратылу себебі: Тау:

«Мен биікпін, менен жарат» дейді, Алтын: «Менен жарат, мен әзизбін» дейді, сөйтіп, Теңіз, Аспан, Су – барлығы тарасады. Сол себепті адамды жерден жаратады. Алла Тағала жанға: «Адамның тәніне кір!» деді. Жан басқа кірді, көзге келді. Адам өзін-өзі көрді. Мұрынға келді. Адам түшкірді. Жан көкірекке келді. Адам ғаламдағы бар нәрселердің есімін білді, мың түрлі тіл білді. Жан беліне келді. Адамға: «Орныңнан тұр!» деп бұйырды. Адам тұра алмады. Жан адамның құрсағына кірді, адам тамақ тіледі. Адамның денесіне қан жүрді. Жанға: «Күшпен кір, күшпен шық!» деді. Адам ұйқылы-ояу жатқанда сол жақ қабырғасын алып, одан Хауа ананы жаратады. Ояу болса, қабырғасының ауырғаны білініп, жанына батады, қатты қиналған соң Хауаны жек көретін болады, ал ұйқыда болса, Хауаның өз қабырғасынан жаралғанын білмей, жат көруі мүмкін деп, әдейі ұйқылы-ояу кезінде жаратады. Жұмақта Ібілістің азғыруымен Құдайдың тыйым салған бидайынан жеп қойып, екеуі сол үшін жаза тартады, жұмақтан қуылады. [14, 184-185 бб.].

Адамның топырақтан жаратылуы туралы пайымдаулар мен Рабғузидің қиссаларындағы негізгі мифологиялық үдерістерді қазіргі заманғы діни мистикалық пайымдаулар тұрғысынан салыстыра бағамдауымызға болады.

Тақырыптар	Рабғузилік қиссалардың қысқаша мазмұны	Теологиялық түсініктемелер
Әруақтарға құран бағыштау	Адам топырақтан жаратылатын болғанда, Жер оның болашақта жасайтын күнәсін ойлап, өлгенде өз қойнына кіргенде құнаһарлығының ауыртпалығы өзіне де бататынын уайымдайды. Жасаған Ие Құран түсірілетінін жеткізеді. Солайша марқұм болғандардың ұрпағы әруақты еске алып, оларға құран оқытып, артынан дұға ететін болса, күнәлары жойылып отыратыны хабарланады.	Бүгінде әруақтарға құран бағыштау мәселесі теологиялық сипаты басым мәселе. Дәстүрлі діни таным өкілдері осы марқұмдарға құран бағыштау жағында. Әбу һурайра (р.а.) жеткізген хадисте Алла елшісі (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Адам баласы дүниеден озғанда, үш түрлі ісінен өзге барлық істері тоқтап (кітабы жабылып) қалады. Тоқтамайтын істері: үзілмейтін садақа, адамзат игілігі үшін қалдырған пайдалы ілімі және артынан дұға жасайтын ізгі ұрпақ» [15]. Қазақта «Құран бағышталмаған әруақ жетім» деген де сөз бар.

<p>Мәйітті жуу</p>	<p>Әзірейіл топырақ алғанда Жердің өзінен жасалған адамзаттың құдайға көптеген шетін іс қылатынын болжап жылағанда, Алланың уақыты келгенде, оны жерге жақсы етіп, қазіргісінен де бағалырақ халде қайтаратынын мәлімдегені туралы айтылады.</p>	<p>Қиссада бұл жағдай «Уәж үшін айтылған осы сөздің себебінен өліктерді жуу міндетті болды» [9, 242 б.] - деп түсіндіреді. Бұл қазақтың ақ жуып арулау рәсімін легитимдейтін мәннің бірі. «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігіне» сүйенсек, арулау – өлікті тазартып жуу, ақ матамен орау, қастерлеу [16]. Арулап жауып қою – өлікті жөнелтуге дайындық шарасы мәйітті жуып, жерлеуге дайындау рәсімі, мәйітті жуу, тазалау үрдісі. Бұл шараның басқаша атауы – сүйекке түсу, жуу, жуындыру. Қазақ салтында көзі ашық адамдар өз сүйегін кімдерге ұстату (жудыру) және оларға не беріп, не қою ісіне дейін аманат етіп кетеді. Тіпті, кейбір дос-жар, құрдас адамдар «Бұрын өлгеніміздің сүйегін артта қалғанымыз арулап, өз қолымызбен жерлеп, қалған бала-шаға мен мал-мүлікке бас-көз боламыз» деп серттесіп қояды. Өсиет пен уәде-серт болмаса, қалыптасқан дағды бойынша, сүйекке төрт адам түсіруге марқұмның ет жақын ағайындары таңдалады. Өліктің аруланған орны діни дәстүр бойынша үйдің оң жағынан арнайы әзірленіп, үсті қарамен жабылады. Бұл орын «арулаған жер» деп аталады және өлікті арулаған жерге өлікті жерлеген күннен бастап жеті күн күніге кешке қарай шырақ жағады. «Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!» - деп марқұмға тілек айтылады [17].</p>
<p>Адамды жерге көму</p>	<p>А. Қалназаров мұны Рабғузиден емес, ертедегі мұсылман ғұламаларының онтологиялық тұрғыдан жазған кітабы – «Мың сұраққа» тағы да негіздеп, Әбіл мен Қабылдың қанды оқиғасынан өрбітеді.</p>	<p>М. Молдабаева: «Қазақы ұлттық руханият» кітабында: «Әр ұлт, әр дін адамдары діни тұлғалардың атын өз тілдеріне бейімдеп алғаны болмаса, адамшылық, адалдық, туралық, тәрбиелік сияқты шарттары бірдей. Тек жерлеу тәртібі ғана салт-дәстүр ерекшелігіне қарай бөлектеу болып келеді» [18, 24 б.] - деп пайымдаған</p>
<p>Сұқ саусақты шошайту</p>	<p>Алла Тағала өз дәрегейінен Ібілісті шығарып тастауды Жебірейілге тапсырғанда, ол періште сұқ саусағын қадап тұрып: «Мына малғұнның мойнына қарғыс қамытын кигізіңдер» деп періштелерге бұйырады. Жебірейілдің сұқ саусағы Ібілістің жүзіне тігінен қадалғанда оның барлық бұрынғы періште сипаты ағып түседі. Сөйтіп, оның мойнына қарғыс қамыты кигізіледі.</p>	<p>Бұл суреттеуден халқымыздағы «Сұқ саусақты адамға қарата шошайтуға болмайды» деген тыйымның бір негіздемесін көреміз. Бұдан бөлек баба мектебі: «Сұқ саусағыңды шошайтып біреуді жазғырма!», «Айға сұқ саусағыңды шошайтпа!», «Зиратты саусағыңмен көрсетпе!» - деп тыйым салған [18, 24 б.].</p>

Иә, жоғарыдағы сипаттаулар мен тұжырымдаулардың бәрінің ежелден шешімін таппаған мегаметифизикалық мәселе – адамның пайда болуы мен тіршілігінің мән-мақсаты тақырыбының бір бөлігін ғана қамтиды. Дағыстандық философ К.М. Магомедовқа сүйенсек, адамзаттың шығу тегі туралы барлық нұсқаларды төмендегідей үштік схемаға салуға болады:

1. Адамның пайда болуының эволюциялық теориялары: Дарвин теориясы, Энгельстің еңбек теориясы, мутация теориясы, популяция теориясы, «Жүгіру» теориясы; өрмелеу тұжырымдамасы, «Сальтация» теориясы; Т. де Шарденнің телеологиялық эволюционизмі және басқалары.

2. Жаратылыс теориялары: «Ескі өсиет» нұсқасы; христиандық теория, Адамның ислами тұжырымдамасы, «Матриархаттық» теориялар, «Патриархат» теориялары; адамның екі және бірнеше жаратылыстарының теориялары, андрогендік теория және т. б.

3. Сыртқы араласу теориялары: Панспермия теориялары; радиациялық теория, өмір мен адамның пайда болуының жарықтық теориясы, жерден тыс өркениеттер гипотезасы, гомокулярылық теория, «Сәтсіз ғарыштық эксперименттер» теориялары, кеңістіктік аномалиялар теориясы және т.т. [19].

Адам баласы жердің асты-үстін, ғарыш әлемін, бәрін білгенде нақ өзінің жаралыс әлемін, әсіресе пайда болу жағдайын ғылыми тұрғыда нақтылай алмай келеді. Мәселен, ойшыл Г. Муравник «Ответственность религии и науки в современном мире» жинағындағы «Тайна шестога дня творения и проблема современного антропогенеза» төл жазбасында «Адамның шығу тегі мәселесі заманауи жаратылыстану ғылымдарында да күрделі мәселе екені айтылады. Қиындығы сол, ол тек ғылыми дискурсқа ғана жатпайды. «Адамның маймылдан пайда болғаны туралы» мектеп қабырғасынан алып шыққан түсініктердің бейне бір қатаң ғылыми дәлел-дәйегі бардай көрінуімен көпшілік үшін Храм табалдырығын аттауға кедергі болады» [20, 233 б.] - дейді. Оның сөзінше, осы танымды негіздеген ағылшын натуралисті

Ч. Дарвиннің өзі адамның толық біртұтас болмысын емес, өз эволюциялық теориясында бар болғаны физикалық дененің ғана дамунамасын берген.

Тап сонда тағы бір автор Вениамин (Новик) «К 80-летию «обезьянего процесса» жазбасында АҚШ тарихындағы әлемдік сот тарихындағы нышанды уақиғасының бірі «Маймыл үдерісі» (monkey trial) тақырыбын көтере отырып, қазіргі ғылымда қабылданған дарвинизмнің философия тіліндегі биологиялық редуccionизм екендігін алға тартады. Ғалым: «Барша іргелі мәселелер секілді өмір мен адамның пайда болуы туралы мәселелер принципті түрде тек қана ғылыми әдіснама арқылы шешілмейді. Өйткені ондай мәселелер қандай да болмасын бұралаң жолдармен этика мәселесін қозғап өтеді. Алғашқы дүниелік негіздер туралы білімдер таза ғылыми, яки шынайы болуы мүмкін емес» деп жалпы өмірдің пайда болуын түсіндіру үшін алдымен адам миының өзін, ондағы ой үдерісін танып алу керектігін атап өтеді [20, 259 б.]. Бұл жерде бір бұл тұлғалар ғана емес, Г. Гутнер редакциясымен жарық көрген жинақ авторларының денінің ортақ метафизикалық негіздерді іздеуде ғылым мен діннің әлі талай бірге жүретінін және діни-сакральды санаға бәрібір иек артатынына тоқтайтынын назарға алған жөн.

Әрине, бұл дүниетанымды қайта сакралдандыру немесе батыстық логоцентризм тұрғысынан неосхоластикалық тұжырымдар сияқты болып көрінеді, біз үшін ең бастысы оның пікірлеріндегі аполлогетиканың ойлау мәнерлері болып отыр. Ал қазақтардағы нарратив білімдерде топырақты орталық түсінікке айналдырудың мынадай бағдарларына тоқталып өтуімізге болады және оның мәтін аясындағы фреймдерін де ұсына аламыз.

Этнограф-ғалым А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» кітабындағы халықтық мистификацияларды былайша баяндайды, Ай апа мен Ай ата топырақтан жаралғандықтан, содан бері өлген адам жер қойнына көміліп, қайтадан топыраққа айналатын болған. Сондай-ақ әрбір дүниеге келген адам шыр етіп туғанда, жаралған жерінің топырағы бұрқ ете қалады. Кейін бұйырған ғұмырын жасап,

дүние салғанда, қай жердің топырағынан жаралса, сол жерге көмілмек. «Қазақтың өлген адам туралы «топырақ тартты», «топырақ бұйырды» дейтіні, сөйтіп мәйіт үстіне бір шымшым топырақ салатыны сондықтан» [17].

Тілдік бірлік пен ұғым көрінісі	Үдерістің сипаты мен қолданысы
Топырақ тарту	Адам жаралғанда, топырағы қай жерден алынған болса, өлгенде сол жерге көміледі. Егер бір адам басқа бір жерге барып, қазаға ұшыраса, «Топырағы тартып барған екен» [10] - дейді.
Топырақ бұйыру	Қайтыс болған адамды қабірге жерлегенде, қабір басына барған адамдар жерлігіне қойылып жатқан сүйектің үстіне бір шым-шымнан топырақ салады. Мұны «Көптен топырақ бұйырды» [10] - деп айтады.
Топырағы ауыр	Мінезі ауыр, салмақты адамдарға қатысты айтылады. Ана құрсағында пайда болар алдын алынған жерінің топырағын меңзеу. Әр адамға әрдайым періштенің топырақ алуы.
Топырағы жеңіл	Мінезі жеңіл, қағылездеу адамдарға қатысты айтылады. Бұл да туардағы топырағын меңзеуді білдіреді.
Алды артына бір уыс топырақ	Қазақ жек көрген немесе енді көрмесем деген адамның артынан бір уыс топырақ шашады [21].
Адам көзінің топыраққа тоюы	Адамдар көзі дүниеге тоймайды. Адамның көзі өлгенде бір уыс топыраққа ғана тояды. Айталық, Абайдың «Ескендір» поэмасының да түпкі түйіні осы еді.

Бүгінде «Батық» деп аталатын Қарағанды облысы Шет ауданыныңдағы ауыл топономикасының шығу себебі осы қазақы топыраққа байланысты. Қаракесектің ішіндегі Бесбошанның баласы Кәрсон руынан тарайтын Батық би ел жайлаудан көшкенде «Ағой» бұлағының басына қонып қатты ауырып, өмірден өтетінін сезеді. Ол ағайынға: «Алла топырақты осы жерден бұйырып тұрған шығар, енді мені қозғамаңдар, осында қойыңдар» деп өсиет айтыпты-мыс. Сонымен, Ағой бұлағы «Батық» деп аталып кетеді. Осы оқиғаны бірінші мақаласында кеңінен баяндаған А. Қалназаров демекші, бұл да болса далалық ділімізге ғана тән мінез-құлықтың бірі болса керек [10, URL: <https://kazislam.kz/topyra-tan-zharal-an-adam-ojt-jer/>]. Әрине, кейбір көзқарастар мұндай үдерістерді көне тәңірлік дәстүрлерді исламдандыру деп түсіндіреді (Бұл өз алдына жеке зерттеулерді қажет етеді).

Қазақ дүниетанымында да топыраққа қатысты детерминацияланатын дәстүрлер мен діни-мистикалық тәжірибелер бар:

- Адам кіндік қаны тамған ата жұртынан басқа жаққа қоныс аударып барғанда сол жерге бірден үйрене алмайды. «Жат жердің суы, ауасы жақпайды» деп кіндік қаны тамған жерден топырақ ала кетеді де, барған жерінде суға шомылдырып

ішіседі. Сонда жат жерге тез бауыр басып кетеді деп ұйғарады.

- Кейінгі исламдық түсініктерге орай, бейіт топырағын сәндемейді. Табиғи қалпында жатқанын, көгеріп өсімдік өсіп тұрғанын ұнататын жағдайлар да кездеседі. Бейіттен бір шым-шым топырақ алып тастайды. Ал кейбір жерлеу дәстүрінде оған қарама-қарсы мазар салу, бейіттерді жаңарту, балбал тас ескерткіштер орнату, жерлеген жерлерді құрметтеу, оны ата-баба зираттары ретінде құрметтеу де кездеседі.

- халқымыздың діни сенімінде кей кездері «Жер сілкінісі – Алланың бұйрығымен болатын іс» деп есептеледі. «Адамдардың ниеті бұзы-лып, арамдықпен жерді қорлау, ластау ісі етек алғанда Жер шамданып, сілкінеді» деген түсініктер тудыру қазіргі діни-мистикалық танымдық қоғамдық пікір ықпалымен өз бетінше конструкцияланған. Сондықтан жер сілкінген кезде бір шымшым топырақты алып, Аллаға жалбарынып дұға оқып, жүрекке басқан қалыппен жүрелеп отыру керек. «Күнәң болса, Алла да, жер де кешіреді» деп есептелетін исламдандыру ырымдарын орнықтыру беталысы да бар. Мұндай діни идеологиялар барлық құбылыстар мен үдерістерді баяндауда, нарративті білімдерді таратуда жиі кездесетін жайт, ол «Құдай», «Алла», «Пайғамбар», «Тозақ»

т.б. іргелі діни концептілермен парафраза-лай отырып, сол концептілер арқылы кез келген пікірді ақиқаттандыру технологиясымен келіп ұштасады. Философиядағы, оның ішіндегі лингвистикалық философияда бұл діни концептілер арқылы ақиқатты когеренциялау [23, 498 б.] ғана болып шығады.

– Жерді сабамайды, тепкілемейді. «Қара жерді жамандама, қайтып сонда барарсың, Қауым елді жамандама, қарғысына қаларсың» – дейді [21]. Яғни, топырақ тек қана исламдық креационизмге қатысты емес, жалпы алғанда тәңірлік сенімдегі «Жер-Ана», «Ұмай Ана» концептілерімен де байланыса алады. Бұл түсініктер, мүмкін, көне Зорастрлық, Авесталық, Шумерлік, Мысырлық дүниетаныммен да байланысуы ықтимал (Бұл өз алдына жеке зерттелетін мәселе);

Дегенмен діни исламдық және тәңірлік дүниетанымдағы «топырақ» концептісі түрік-қазақ халқының дүниетанымының өзіндік төлтума ерекшеліктерін тереңірек зерттеу перспективасында осы топыраққа қатысты ахуалдарды ашып көрсетуде белгілі бір парадигмаларда ықпалдастығы болуы мүмкін деп пайымдай аламыз.

Қорытынды

Қортындылай келе, топырақ концептісіне қатысты діни-мистикалық пайымдауларды философиядағы бағыттардың ұстанымдарына сүйене отырып, оны әр қырынан қарастыра келе, мынадай қортындылар ала аламыз:

Исламдық теологиялық ұстаным. Адамның топырақ-балшықтан жаратылуын Құдай-Жаратушының бар екені туралы теологиялық дәлелдерді объективті деп түсінушілік. Логоцентристік тұрғыда алғанда, қазіргі заманауи «неосхоластиктер» деп атауға болатын көзқарастар апологетикалық мәнерлерді қолдайды. Мәселен, Қ. Сейтұлының «Пайғамбарлар тарихы» кітабында бұл туралы: «Құран кәрімде адамның жаратылуы жөніндегі аяттардың барлығында да әзірет Адамның топырақтан жаратылғаны айтылады» [24, 12 б.] делініп, Құранның «Фатыр» сүресін келтірілген. Ол сүреде «Алла тағала сені (Адам атаны) топырақтан, сосын бір тамшы судан (Адам атаның ұрпағын) жаратты» деген жолдар бар.

«Бұған сәйкес» дейді Қ. Сейтұлы: «арғы бабамыз жаратылған топырақты Ұлы Жаратушы адам баласының қияметке дейін ғұмыр кешетін, өзі мекендейтін қара жер бетінен алдыртқан болып тұр. Ол жай ғана топырақ емес, жер бетінің өзегі мен дәннің құрайтын топырақ. Яғни, жердің барлық элементтерін қамтыған топырақ» [24, 13 б.].

Сонымен қатар «Сад» сүресінде Алла тағаланың адамды тікелей Өзі құдірет қолымен жаратқандығын айтатынын ұмытпаған ләзім [«Сад» сүресі, 75]. Логоцентристік тұрғыдан бағаласақ, кейбір неосхоласт-теологтардың түсіндіруінше, «Құдірет қолымен жаратуы» адамды жалпы жаратылыстан үстем де ардақты етіп жаратқандығын білдіреді. Ол бойынша Адам атаның жаратылуы – Алла тағаланың тікелей құдіреті» болып шығады.

Д. Кенжетай «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы» кітабының «Құрандағы адам мәселесін» талдауында «Құранның адамды басқа болмыстардан ерекше мақамға шығаруы жарату кезінде оған Тәңір «Өз рухынан үрлеген» құдайлық жауһардың (субстанция) берілуіне байланысты болуы керек» [25, 129 б.] – деп тұжырымдайды.

Мистификацияланған арғытарих философиясы ұстанымы. Тарих философиясының бір бөлігі ретінде адамның топырақ-саздан жаратылуы туралы тұжырымдаманы адамзат қоғамы мен мәдениетінің пайда болуы мен дамуы туралы нұсқалардың бірі ретінде қарастырады. Ибраһимдік діндерде бұл тарихтың белгілі бір метафизикалық бастауының болуын болжайды. Яғни, адамзаттың түпкі бабасы, бірінші адам – Адам ата тарихтың да басталуына жеке нүктесін символдауымен құнды болмақ.

«Аксиологиялық немесе конструктив атеизм» ұстанымы. Діни мистикалық түсініктерді қарапайым логикалық тұрғыдан пайымдайтын бағдарды негізге алсақ, барлық үдерістерді феноменологиялық тұрғыдан сол дәуірде өмір сүрген адам-дардың санасы мен танымы бойынша ойлауымыз керек, бұл тұстағы редукция примитивизм арқылы қарапайым логикаға бағдарланады деген сөз. Кей сәттерде, бұл ұстаным бойынша барлық құбылыстар мен мифологиялық көзқарастар сакралділік мәнін жойып, редукцияланады. Мәселен, «Топан

су» мифі өзеннің бойында өмір сүрген барлық халықтарда бар, ол жай ғана көктемгі мезгілдегі су тасқындарының көрінісі, су тасқындарының қайтуы, әлемдегі топан судың қайтуымен сәйкестене алады. Топырақ-саз балшық табиғаттағы барынша оңтайлы әлемнің кез-келген материалдық элементін қайта құрылымдап көшірмесін жасауға (қазіргі ермексаз тәрізді) қолайлы құрал ғана. Антропоморфтауға жүгінсек, адамды да саз балшықтан жасау мифологиясының қалай қалыптасқандығының да өзіндік логикасын түйсінуге болады.

Прагматистік ұстаным. Дін философиясымен шұғылданатын прагматистердің пайдалылық ұстанымын негізге алсақ, адамның топырақтан жаратылуымен қатар, топырақ сакралділігі әзірге діни-мистикалық санадағы адамдарға қызмет етіп тұрған тиімді жоба, ол діни қоғамдық санада сенім ретінде құнды, егер де ғылыми тұрғыдан дәйектелсе, ол да ақиқат. Демек, діни таным үшін бұл идея зұлымдық тудырмаса немесе ғылыми-техникалық прогресс пен адамзаттың руханиятына кедергі келтірмейтін болса, онда дінді қуаттаушылар үшін ол да – ақиқат. Яғни, адамның пайда болуы туралы креационистік идея әзірге діни эпистемологиялық құндылық ретінде сақтала алады. Сонымен қатар «топырақ туралы осы идеяны біз қалай, басқаша форматтарда болсын өзіміздің тиімділігімізге қалай пайдалана аламыз, діни қауымдастық қалай пайдаланып жүр?» деген перспективті сауал қоя аламыз.

Конструктивизм бағытының ұстанымдары. «Топырақ» туралы конструкциялардың туындауы – болашақтағы басқа да діни, әлеуметтік мифтік, ғылыми, рухани конструкцияларға қалай ықпалдаса алуы ықтимал деген сауал туындайды. Екінші бір қырынан, топырақ конструкцияларының пайда болуыныңдағы ойлау мәнерлері зерттеуге тұрарлық дүние ме, әлде жоқ па деген сауалдарды туындата алады. Топырақ конструктивизмін қазіргі ғылыми конструкцияларға бейімдеу-детерминациялау мен «дінді сциентизациялау» деп атауға болатын бағыттың жаңа конструкциялары құрылымдануы беталыстары бар. Нақтырық айқанда, адамның топырақтан жаратылғандығы туралы

конструкциялар, ғылыми тұрғыдан реконструкцияланады – тікелей немесе рәміздік, тіпті болмаса, топырақтың басқаша сапасы арқылы қайта конструкциялануы да мүмкін. Демек, мәселе адамның топырақтан жаратылғандығы немесе оның мифологиясы туралы емес, конвенционализм арқылы конструкциялар жасауға айналуында болып отыр. Бұрын діни таным кезінде, дін өкілдері арасында өзара конвенционализм болатын болса, бұл көрініс ғылыми конвенционализм арқылы қайта конструкциялануы мүмкін бе деген сауалдар қойылады. Сонымен қатар метафилософиялық тұрғыдан келсек, демифологизация, десакрализация арқылы «топырақ» белгілі бір рәміздік мағынаға ие деп түсіндіретін көзқарастар да туындауы ықтимал.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005. – 528 б.
- 2 Кузин Ф.А. Методика написания. Правила оформления. Порядок защиты. Практическое пособие для докторантов, аспирантов и магистрантов. – М.; Ось-89, 2011. – 448 с.
- 3 Againts metod: outline of an anarchistic theory of knowledge. – London: New Left Books, 1975. – 339 p.
- 4 Мырзалы Серік. Философия: оқулық. – Алматы: «Бастау», 2008. – 644 б.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы. 1987. – 176 б.
- 6 Рабғузи Насреддин. Қисас-ул әнбия. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.
- 7 Саттиев Л.И. Ранняя средневековая арабская агиографическая литература // Очерки средневековой арабской прозы. – Ташкент: Фан, 1992. – 82 с.
- 8 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 8-том.: Насируддин Бурхануддин Рабғузи. Пайғамбарлар қиссасы. – 480 б.
- 9 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
- 10 Қалназаров А. Топырақтан жаралған адам. Ойтүйер // [Электронды ресурс] URL: <https://kazislam.kz/topyrag-tan-zharal-an-adam-ojt-jer/> (Қаралған күні: 10.04.2024)
- 11 Элементы // Новейший философский словарь. – Минск: Книжный Дом, 1999. – 1017 с.
- 12 Соловьев Ю. И. История химии. Развитие химии с древнейших времён до конца XIX века. – М.: Просвещение, 1983. – 368 с.

13 Дун Чжуні. Смысл пяти элементов // Древнекитайская философия. Эпоха Хань. – М.: Наука, 1990. – 257 с.

14 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», – 2012. – Т.6: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 408 б.

15 Мұслим, Уасыйя 14.

16 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.

17 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

18 Молдабаева М.М. Қазақы ұлттық руханият. – Алматы: «Курсив» баспасы, 2013. – 352 б.

19 Магомедов К.М. Эволюционные концепции человека: за и против // Вестник Дагестанского гос. ун-та. Серия 3, Общественные науки. – 2016. – Т. 31, вып. 4. – С. 117-126.

20 Ответственность религии и науки в современном мире. – М., Библиейско-богословский институт св. Апостола Андрея» 2007. – 300 с.

21 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, «Фолиант», 2013. – Т. 94: Түс жору және ырымдар. – 432 б.

22 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

23 Аналитическая философия. – Москва: Издательство РУДН, 2005. – 765 с.

24 Сейтұлы Қ. Пайғамбарлар тарихы. – Алматы: «Таным» баспасы, 2022. – 352 б.

25 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 360 б.

Transliteration

1 Orta ғасырдағы түркі ойшылдары [Turkish thinkers of the Middle Ages]. Zhiyrma tomдық. 5-том. – Астана: Audarma, 2005. – 528 б. (in Kaz)

2 Kuzin F.A. Metodika napisaniya. Pravila oformleniya. Porjadok zashhity [Description of methodology. Registration rules. Order protection]. Prakticheskoe posobie dlja doktorantov, aspirantov i magistrantov. – М.; Os'-89, 2011. – 448 s. (in Russ)

3 Againts metod: outline of an anarchistic theory of knowledge. – London: New Left Books, 1975. – 339 p.

4 Myrzaly Serik. Filosofija: oқulyқ [Philosophy: textbook]. – Алматы: «Bastau», 2008. – 644 б. (in Kaz)

5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ жепосы және түркология [Kazakh epos and Turkology]. – Алматы. 1987. – 176 б. (in Kaz)

6 Rabғuzi Nasreddin. Қисас-ul әnbija [Qisas-ul Anbiya]. – Астана: Foliand, 2008. – 552 б. (in Kaz)

7 Sattiev L.I. Rannja srednevekovaja arabskaja agiograficheskaја literatura [Early medieval Arabic hagiographic literature] // Oчерki srednevekovoj arabskoј prozy. – Tashkent: Fan, 1992. – 82 s. (in Russ)

8 Әdebi zhәdigerler. Zhiyrma tomдық [Literary monuments. Twenty volumes]. – Алматы: «Tajmas» baspa yji, 2008. 8-том.: Nasiruddin Burhanuddin Rabғuzi. Pajғambarlar қissasy. – 480 б. (in Kaz)

9 Saғyndyқly B. Falamnyң ғажajyp syrлары [The amazing secrets of the universe]. – Алматы: Fylym, 1997. – 296 б. (in Kaz)

10 Қалназаров А. Топырақтан zharalған adam. Ojtyjer [A man created from soil] // [Jelektronды resurs] URL: <https://kazislam.kz/topyra-tan-zharal-an-adam-ojt-jejer/> (Қаралған күні: 10.04.2024) (in Kaz)

11 Jelementy [Elements] // Novejšij filosofskij slovar'. – Minsk: Knizhnyj Dom, 1999. – 1017 с. (in Russ)

12 Solov'ev Ju. I. Istorija himii. Razvitie himii s drevnejshih vremjon do konca XIX veka [History of chemistry. Chemical development from ancient times to the end of the XIX century]. – М.: Prosveshhenie, 1983. – 368 с. (in Russ)

13 Dun Chzhuni. Smysl pjati jelementov [The meaning of five elements] // Drevnekitajskaja filosofija. Jepoha Han'. – М.: Nauka, 1990. – 257 s. (in Russ)

14 Klassikalық zertteuler: Kөp tomдық [Classical Studies: Multivolume]. – Алматы, «Әdebiет Әleмі», – 2012. – Т.6: Kөne түrкі әdebiетi туралы zertteuler. – 408 б. (in Kaz)

15 Mұslim [Muslim], Uasyija 14. (in Kaz)

16 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің jenciklopedijalық sөzdigi [Encyclopedic dictionary of traditional Kazakh culture]. – Алматы: «Sөzdik-Slovar'», 1997. – 368 б. (in Kaz)

17 Қазақтың jetnografijalық kategorijalar, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі zhyjesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of the Kazakhs]. Jenciklopedija. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б. (in Kaz)

18 Moldabaeva M.M. Қазақы ұлттық руhanijat [Kazakh national spirituality]. – Алматы: «Kursiv» baspasy, 2013. – 352 б. (in Kaz)

19 Magomedov K.M. Jevoljucionnye koncepcii cheloveka: za i protiv [Evolutionary concepts of man: for and against] // Vestnik Dagestanskogo gos. un-ta. Serija 3, Obshhestvennye nauki. – 2016. – Т. 31, vyp. 4. – S. 117-126. (in Russ)

20 Otvetstvennost' religii i nauki v sovremennom mire [Responsibility of religion and science in the modern world]. – М., Biblejsko-bogoslovskij institut sv. Apostola Andreja» 2007. – 300 s. (in Russ)

21 Babalar sözi: Zhýztomdyq [The words of the ancestors: One hundred volumes]. – Astana, «Foliant», 2013. – T. 94: Tys zhoru zhәне yrymdar. – 432 b. (in Kaz)

22 Sejdimbek A. Qazaqtyn auyzsha tarihy [Oral history of the Kazakhs]. –Astana: Foliant, 2008. – 728 b. (in Kaz)

23 Analiticheskaja filosofija [Analytical philosophy]. – Moskva: Izdatel'stvo RUDN,

2005. – 765 s. (in Russ)

24 Sejtly K. Pajfambarlar tarihy [History of the prophets]. – Almaty: «Tanym» baspasy, 2022. – 352 b. (in Kaz)

25 Kenzhetaj D. Qozha Ahmet Jasaui dynietanymy [Worldview of Khoja Akhmet Yassawi]. – Almaty: «Arys» baspasy, 2008. – 360 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Әділбек Жаңабергенұлы Нәби* PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: Adilbeknabi15@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-3586-3098
- Сұлтанмұрат Өтеуұлы Абжалов* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Слушаиш Муратбековна Туленова* PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: sulushashtulenova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0007-8091-9226
- Берік Мұратұлы Аташ* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: atash_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X
- Әділбек Жаңабергенұлы Нәби* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: Adilbeknabi15@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-3586-3098
- Султанмурат Утешович Абжалов* ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Слушаиш Муратбековна Туленова* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: sulushashtulenova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0007-8091-9226
- Берік Мұратұлы Аташ* ассоциированный профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: atash_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X
- Adilbek Nabi* PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: mamyt85@inbox.ru, ORCID ID: 0009-0004-2266-5684
- Sultanmurat Abzhalov* Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Slushash Tulenova* PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: sulushashtulenova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0007-8091-9226
- Berik Atash* Associate Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: atash_berik@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3431-748X